



**Дәрілік  
өсімдіктердің  
морфологиялық  
белгілері. Дара  
және  
қосжарнақты  
өсімдіктер  
онтогенезі.**

Орындаған: Байбатыр. Г  
Тексерген: Алдасугурова.  
Ч

□ Дәрілік өсімдіктер (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады .

- Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.
- Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады

- Өсімдіктердің дәрілік қасиеттерінің негізі
- Алкалоидтар
- Гликозидтар
- Кумариндер
- Дубильді заттар
- Флавоноидтар

Флавоноидтар- өз атын латынның “флавиум”-сары деген сөзінен алған. Негізен түрлі химиялық қосылыстардан тұратын фенолды заттар. Көпшілік флавоноидтер бактерицидтік, жараны жазу үшін қолданылады. Сондайақ ағзадағы радиоактивті заттарды шығаруға қолданылады. Залалсыз бояғыштар негізінде тамақ өнеркәсібінде көп қолданылады.

Дубильді заттар – теріні қатайту, сапасын көтеру мақсатында қолданылады. Өсімдіктерде 10-20% кейде 70%-ке дейін кездеседі екен. Медицинада жараның үстінің тез бітуі үшін және олардың сілемейлі қабатына микроағзалардың түспеуі үшін қолданылады. Кей түрлері улануға қарсы да қолданылады.

Кумариндер-

Алғаш рет кумарин Оңтүстік Америкада өсетін кумаруна ағашынан (*Dipterix odorata*) алынған. Ең негізі - кумарин ядросы. Жарықта түсін өзгертетін қасиеттері бар. Медицинада ағзаның өсуіне, қатерлі ісіктің алдын алуға, антибиотиктік қасиеттерімен пайдалы.

Эфир майы - ұшқыр, иісті зат.  
Өсімдіктерден алынады. Сезім мүшелеріне тез әсер етіп кейде оң, кейде кері әсер етуі мүмкін. Медицинада дезинфекциялау, бактерицидтік қасиеті және қақырық түсіру үшін пайдаланады. Бүйрек пен зәр шығару ағзаларын қоздырады. Көбінесе басқа иісті басу үшін қолданылады. Қазіргі таңда Медицинада қолданылатын 600-ге жуық өсімдіктердің түрлері белгілі.

## ЭФИР МАЙЛЫ ӨСІМДІКТЕР





Түймедақ гүлімен қабынуға қарсы, антисептиктік қасиеттердің жиынтығын кездестіруге болады. Тек гүлді көлік жүрмейтін, ауылдар мен қалалардан алыс шалғындар мен алаңқайлардан жинау керек. Оның алғашқы гүлдеген кезі пайдалы, осы кезеңде емдік қасиеті де күшті болады. Түймедақ өттің айдалуына, тәбеттің ашылуына ықпал етіп, аллергиялық компоненттерінің арқасында аллергияға Қарсы Қолдануға болады. Оны өт жолдарына тас байлану, әйелдердің жыныстық аурулары, тік ішек, асқазан жарасы ауруларына пайдаланса, емі нәтижелі болады.



Андыз (*Inula*) – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп

жылдық, кейде бір жылдық шөптесін өсімдіктер.

Қазақстандағы шалғынды алқаптарда, өзен, көл жағасында,

жазық және таулы жерлердегі ормандарда 12 түрі өседі.

Олардың ішінде ең көп тарағандары – биік андыз (*I. helenium*) және үлкен андыз (*I. grandis*). Бұлардың биіктігі 1070 см-ден 2.5 м-ге дейін жетеді. Тік сабағына бүтін жиекті

жапырағы кезектесе орналасады. Ашық сары түсті гүлі қалқанша тәрізденіп, бір-бірден не топтанып біткен себет гүл

шоғырына жиналады. Маусым-шілде айларында гүлдеп,

тамызда жеміс береді. Жемісі цилиндр тәрізді тұқымша.

Өсімдіктің тамырында жүрекке әсер ететін, қатыну процесін

## Алое

Жас жапырақтарынан алынған шырыны мен спирт іріңді жараны, күйікті, терінің қабыну ауруларын емдейді. Алоенің шырыны созылмалы іш қату ауруына да қолданылады. Алоеден дайындалған биостимулятор препараты ауру организмнің қорғану функцияларын күшейтеді. Кептірілген сығындысынан алынған спиртті тұндырмасы немесе құрғақ экстракты іш жүргізетін дәрі ретінде қолданылады. Сондай-ақ асқазанның тамақ сіңіру жұмысын жақсартады және тәбет көтереді




## Лалагүл

Өсімдіктің гүлдеу мерізімі - маусым-шілде, ал жеміс беруі - шілде-тамыз айларына сәйкес келеді.

Халық медицинасында пиязшықтың Қайнатпасын жүйке және бауыр ауруларына, ал шикі күйінде

- ревматизм мен түрлі жараларға қолданылады.

Бұл өсімдіктен соным бояйтын қара бояу алынады.



*Назарларыңызға  
рахмет!!!*

